

ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Құрметті клиенттер!

Өтінеміз, төлем жүргізу үшін немесе қаражаттарды қолма-қолдандыру үшін өз төлем карточкаңызды қолданар алдында қауіпсіздік шараларымен мұқият танысыңыз. Сіздің қаржылық қауіпсіздігіңіздің, төлем карточкалармен операциялар жүргізу кезінде өзіңіздің жеке мәліметтеріңізге жауапкершілікпен қарауыңызға да байланысты екенін есте сақтаңыз.

БАНКОМАТТАРДА ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУ

- Операцияларды жүргізу барысында қауіпсіз орындарда орналасқан банкоматтарды пайдаланыңыз (мысалы: Банк бөлімшелерінде, мемлекеттік мекемелерде, ірі сауда кешендерінде, мейманханаларда).
- Банкомат орналасқан үй-жайға қол жеткізу үшін ПИН-код талап ететін құрылғыларды қолданбаңыз.
- ПИН-кодты теру кезінде жақын арада тұрған адамдар оны көре алмайтындай терген жөн. Егер жақын арада бөгде тұлғалар тұрған жағдайда, ПИН-кодты теру барысында пернетақтаны қолмен тасалауға тырысыңыз, ал ПИН-кодты теру кезінде құпиялылықты сақтау мүмкін болмаған жағдайда, банкоматты пайдалану үшін басқа уақытты таңдаңыз немесе басқа банкоматты пайдаланыңыз.
- Банкоматтан қолма-қол ақшаны алғаннан кейін банкноттарды бір-бірден санап шыққан жөн, банкоматтың төлем карточкасын қайтарғанына көз жеткізіп, сұрау салған жағдайда түбіртектің берілгенін күтіңіз де, оны сөмкеңізге (портмонеге, қалтаға) салғаннан кейін ғана банкоматтан алыстаңыз.
- Банкомат басып берген түбіртектердегі сомаларды Банктік шот бойынша үзінділермен салыстыру үшін түбіртектерді сақтаған дұрыс.
- Үшінші тұлғалардың кеңестеріңе назар аудармаңыз, сондай-ақ банкоматтарда төлем карточкаларымен операциялар жүргізу кезінде олардың көмегін қабылдамағаныңыз жөн.
- Егер төлем карточкасымен операция жүргізгеннен кейін банкомат оны қайтармайтын болса, банкоматта көрсетілген телефон нөміріне қоңырау шалып, орын алған жағдайдың себеп-салдарын түсіндіріп, өз Банкіңізге хабарласып, карточканы оқшаулау қажет, содан кейін Банк қызметкерінің нұсқаулығы бойынша әрекет еткеніңіз дұрыс.
- Біреу ПИН-кодыңызды көріп қойғанын байқасаңыз, картаңызды тез арада бұғаттаңыз немесе дереу «ПИН-кодты ауыстыру» қызметін пайдалану арқылы ПИН-кодты ауыстырыңыз. Төлем карталарымен алаяқтықтың алдын алу үшін жаңа ПИН-код ретінде қайталанатын немесе қатарынан реттік сандарды, мысалы – 1111 немесе 1234, туған күніңізді, сонымен қатар жақын туыстарыңыздың туған күндерін енгізбегеніңіз жөн, өйткені мұндай сан тізбектерін табу оңайға соғады. Барлық төлем карталары үшін бір ПИН-код пайдаланбаңыз. ПИН-кодты «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ банкоматтарында ғана ауыстыруға болады.

ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ЖАҒДАЙДА БАСҚА БАНКОМАТТЫ ПАЙДАЛАНҒАНЫҢЫЗ ЖӨН:

- Сіз, оның құрылымына сәйкес келмейтін, ПИН-кодты теру орнында және карточканы қабылдауға арналған тетікте орналасқан қосымша құрылғыларды тапқан жағдайда (мысалы: ПИН-код теруге арналған пернетақтада қаптаманың болуы).
- Төлем карточкасы банкоматқа енбейді, банкоматқа төлем карточкасын енгізу үшін күш салмаңыз.
- Банкомат қызметті қате атқарады (мысалы, күту режимінде ұзақ уақыт тұрады, өздігінен қайта жүктеледі), Пернетақтадағы «Болдырмау» түймесіне басу арқылы ағымдағы операцияны тоқтатып, төлем карточкасының қайтарылғанын күту қажет.

САУДА ЖӘНЕ СЕРВИС КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ТӨЛЕМ ЖҮРГІЗУ

- Сенім туғызбайтын сауда және сервис кәсіпорындарында төлем карточкаларын пайдаланбаңыз.
- Төлем карточкасымен операцияларды тек Сіздің қатысуыңызбен жүргізуді талап етіңіз. Бұл, төлем карточкасында көрсетілген Сіздің жеке мәліметтеріңізді құқыққа қарсы алу қаупін төмендету мақсатында қажет.
- Тауарлар мен қызметтерге төлем жүргізу үшін төлем карточкасын пайдалану барысында, кассир жеке басыңызды куәландыратын құжатты ұсынуды, чекке қол қоюды және ПИН-код енгізуді талап ете алады, ПИН-код теру алдында жақын арада тұрған адамдардың оны көре алмайтынына көз жеткізу қажет. Чекке қол қояр алдында, онда көрсетілген соманы міндетті түрде тексеріңіз.
- Операцияны сәтсіз жүргізген жағдайда, шот бойынша үзіндіде осы операцияны кейін тексеру үшін, терминал берген чекті сақтап қою қажет.

ҒАЛАМТОР ЖЕЛІСІНДЕ ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ТӨЛЕМ ЖҮРГІЗУ

- Ғаламтор желісінде, сондай-ақ телефон/факс бойынша тауарлар мен қызметтерге тапсырыс берген кезде ПИН-кодты хабарламаңыз.
- Жеке мәліметтеріңізді және төлем карточкасы туралы ақпаратты Ғаламтор желісі арқылы хабарламаңыз (мысалы, ПИН-код, Банк қорларына қол жеткізудің құпия сөзін, кредиттік лимиттерді, операциялар тарихын, жеке мәліметтерді).
- Ғаламтор желісінде операцияларды жүргізу кезінде, Сіздің төлем карточкаңыздың сыртқы жағында орналасқан және үш саннан тұратын CVV2 кодты енгізу қажет.
- Банктік шоттан ақша сомасын рұқсатсыз алу бойынша құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу мақсатында, Ғаламтор желісінде сатып алударға төлем жасау үшін жеке төлем карточкасын қолдану ұсынылады.
- Рұқсатсыз қағып алу немесе бұрмалауға толық қол жеткізбеу үшін сервермен мәліметтер алмасуға мүмкіндік беретін <https://> (вместо <http://>) хаттама бойынша ғаламтор-сайттарды пайдаланған жөн.
- Сіз қосылатын және сатып алулар жасағалы отырған ғаламтор-сайттардың мекенжайларының дұрыстығына міндетті түрде көз жеткізіңіз, себебі ұқсас мекенжайлар құқыққа қарсы әрекеттер жасау үшін пайдалануы мүмкін.
- Жеке мәліметтердің және (немесе) төлем карточкасы туралы ақпараттың құпиялылығын сақтау мақсатында, сатып алуларды тек өз компьютеріңізден жүргізген жөн.
- Егер сатып алулар бөгде компьютер арқылы жасалатын жағдайда, онда жеке мәліметтерді және басқа ақпаратты сақтамаған дұрыс, ал барлық операцияларды жасап болғаннан кейін, жеке мәліметтердің және басқа ақпараттың сақталмағанына көз жеткізу керек (браузерде сатушының сатып алулар жасалған web-парағын қайта жүктеу арқылы).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШЕКАРАСЫНАН АСЫП, ЖОЛ ЖҮРУ АЛДЫНДА БЕРІЛЕТІН НҰСҚАУЛЫҚТАР

- Қазақстан Республикасы шекарасынан асып, жол жүру алдында төлем карточкасының әрекет ету мерзімін тексеріңіз. Төлем карточкасының әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда, оны қайта шығару үшін, Банктің кез келген бөлімшесіне хабарласыңыз.
- Банктің кез келген бөлімшесіне хабарласу арқылы немесе Card Service тәулік бойы қызметіне қоңырау шалу арқылы Қазақстан Республикасының сыртында Банктің төлем карточкасы бойынша көрсетілетін қызметке салынған тыйымды алып тастауға болады.
- Өз банктік шотыңызда қаражаттың қалдығын алдын ала тексеруді ұмытпаңыз.
- Қажет болған жағдайда www.visa.com. Халықаралық төлем жүйесі сайтында банкоматтар тізімімен танысыңыз.

ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР

- Төлем карточкасын алған кезде, төлем карточкасын ұстаушының қол қоюына арналған сыртқы жағындағы орында қол қою қажет. Бұл жайт, төлем карточкасы жоғалған жағдайда оны Сіздің рұқсатыңызсыз пайдалану қаупін төмендетеді.
- ПИН-кодты есте сақтау қажет немесе ол қиын болған жағдайда, оны төлем карточкасынан бөлек сақтаған жөн.
- Төлем карточкасын үшінші тұлғаларға ешқашан бермеңіз, және ешқандай жағдайда Сіздің төлем карточкаңыздың ПИН-кодын ешкімге хабарламаңыз.

- Төлем карточкасын сақтау және пайдалану шарттарына ұқыпты болыңыз. Төлем карточкасын механикалық, температуралық және электр магниттік әсерлерге ұшыратпаңыз.
- Төлем карточкаларының шоты бойынша үзінділерді үнемі тексеріп жүріңіз.
- Өзге ақпарат таратушыда Банктің байланыс телефондары мен төлем карточкасының нөмірін өзіңізбен бірге алып жүру қажет: жазба кітапшасында, ұялы телефонда және т.б.
- Банктің атынан жеке мәліметтерді ұсыну туралы электронды хаттарға жауап бермеген дұрыс. Хаттарда көрсетілген «сілтемелер» бойынша әрекет етпеңіз (Банк сайтының сілтемелерін қосқанда), себебі олар ұқсас сайтқа әкеп соғуы мүмкін.
- Банкпен ақпараттық өз ара қатынас жүргізу мақсатында, тікелей Банктен алынған құжаттарда көрсетілген байланыс құралдарының деректемелерін қолдану ұсынылады (ұялы және стационарлы телефондардың, факстердің, интерактивті web-сайттардың/порталдардың, кәдімгі және электронды поштаның және т.б.).
- Тұрғылықты мекенжайдың, телефонның, жұмыс орнының және т.б. өзгеруі туралы Банкке дер кезінде хабарлаңыз – бұл қажет болған жағдайда Банктің Сізбен дереу байланысқа шығуы үшін өте маңызды.
- Сіздің төлем карточкаңыздың толық нөмірі көрсетілген, енді қажеті жоқ кез келген құжаттарды жойыңыз.
- Төлем картокасы жоғалған немесе ұрланған жағдайда, Банкке немесе **Card Service** тәулік бойы қызметіне дереу хабарласып, ауызша немесе жазбаша түрде, карточканы оқшаулауды талап етіңіз.
- Егер Сіздің банктің шотыңызбен құқыққа қарсы әрекет жасауға мүмкіндік беретін ПИН-кодтың, жеке мәліметіңіздің жария болуы туралы күмәніңіз болған жағдайда, сондай-ақ төлем карточкасы жоғалған жағдайда Банкке дереу хабарласып, Банк қызметкерлерінің нұсқауларын қолдану қажет.
- Төлем картасын алаяқтық қатері жоғары елдерде пайдаланған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағына келген кезден бастап 5 (бес) банктік күн ішінде төлем картасын қайта шығару үшін Банкке жүгініңіз. Банк қайта шығаруды тегін жүзеге асырады. Елдердің тізімі Банк бөлімшелерінде және Банктің ресми сайтында көрсетілген.
- Төлем карточкасы бойынша операцияларды қосымша бақылау үшін **SMS-банкинг** қызметіне қосылыңыз.

Маңызды! Жаңа төлем карточкасын алған кезде оны банкомат арқылы, Банктің кез келген бөлімшесіндегі POS-терминал кассасы арқылы ПИН-код енгізе отырып, активтендіру қажет.